

Кәсіптік стандарт: «Көтерме және бөлшек саудадағы маркетингтік қызмет»

### 1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: Нарықты және тұтынушылық мінез-құлықты талдау, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді ілгерілету стратегиясын әзірлеу және іске асыру бойынша білімге, іскерлікке, дағдыларға қойылатын жалпы талаптарды айқындайды. Бұл талаптардың мақсаты сұранысты арттыру, брендтің танымалдығын күшейту және сатылым көлемін ұлғайту болып табылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) Маркетинг – Нарық қажеттіліктерін зерттеуге және болжауға, сұранысты қалыптастыруға және ынталандыруға, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді ілгерілету мен өткізуге бағытталған қызмет түрі;

2) Маркетингтік зерттеулер – нарық, тұтынушылар, бәсекелестер, тауарлар мен көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты жүйелі түрде жинауға, талдауға және интерпретациялауға бағытталған қызмет түрі;

3) Жарнама – жарнамаланатын объектіге назар аудартуға, оған деген қызығушылықты қалыптастыруға немесе қолдауға, сондай-ақ оны нарықта ілгерілетуге бағытталған, кез келген нысанда және кез келген құрал арқылы белгісіз тұлғалар тобына таратылатын ақпарат.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) ҚР – Қазақстан Республикасы;

2) БТБА – жұмысшылардың жұмыс түрлері мен кәсіптері бойынша бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

3) БА – басшылар, мамандар және өзге де қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

4) ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің мемлекеттік жалпы классификаторы;

5) БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары.

### 2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Көтерме және бөлшек саудадағы маркетингтік қызмет

5. Кәсіптік стандарттың коды: М70210101

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

М Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет

70 Бас компаниялардың қызметі; басқару мәселелері бойынша консультация беру

70.2 Басқару мәселелері бойынша кеңес беру жөніндегі қызмет

70.21 Өзара қарым-қатынас және жұртшылықпен байланыс бойынша қызметтер

70.21.0 Өзара қарым-қатынас және жұртшылықпен байланыс бойынша қызметтер

М Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет

73 Жарнама қызметі және нарық конъюнктурасын зерттеу

73.1 Жарнамалық қызмет

73.12 Бұқаралық ақпарат құралдарында жарнама орналастыру

73.12.0 Бұқаралық ақпарат құралдарында жарнама орналастыру

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Нарықты талдау және тұтынушылық мінез-құлық, маркетингтік стратегияларды әзірлеу және іске асыру, тауарлар мен қызметтерді жылжытуды ұйымдастыру саласындағы мамандардың құзыреттері мен іс жүргізу дағдыларына қойылатын талаптарды белгілеу. Кәсіби стандарт негізгі қызмет салаларын қамтиды: маркетингтік зерттеулер жүргізу, жарнамалық науқандарды жоспарлау және жүзеге асыру, Цифрлық және дәстүрлі арналарда жарнаманы басқару, маркетингтік іс-шаралардың тиімділігін бағалау және компания имиджін қалыптастыру.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

1) Талдаушы-маркетолог - 5 СБШ-нің деңгейі

2) Маркетолог - 4 СБШ-нің деңгейі

### 3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

#### 9. Кәсіптің карточкасы «Талдаушы-маркетолог»:

|                                      |                     |
|--------------------------------------|---------------------|
| Топтың коды:                         | 2431-1              |
| Қызмет атауының коды:                | 2431-1-002          |
| Кәсіптің атауы:                      | Талдаушы-маркетолог |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі:      | 5                   |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: |                     |

|  |   |  |  |
|--|---|--|--|
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: |   |  |  |
| Кәсіптік білім деңгейі:  | Білім деңгейі:<br>орта білімнен кейінгі<br>(қолданбалы бакалавриат)   | Мамандық:<br>Маркетинг (салалар бойынша)   | Біліктілік:  |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:                                 |   |  |  |
| Формалды емес және информталы біліммен байланыс:                       | Қосымша кәсіби білім ұсынылады: - қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстары - модульдік қайта даярлау бағдарламалары                             |  |  |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:                                       | 2431-1-001 - Маркетингтік кампаниялар талдаушысы<br>2431-1-006 - Нарықты болжау жөніндегі маман   |  |  |
| Қызметтің негізгі мақсаты:   | Маркетингтік және жарнамалық науқандардың тиімділігін талдау және бағалау, маркетингтік зерттеулер жүргізу, перспективалы өткізу нарықтарын зерттеу |  |  |
| <b>Еңбек функциялардың сипаттамасы</b>                                 |   |  |  |
| Еңбек функцияларының тізбесі:  | Міндетті еңбек функциялары:   | 1. Маркетингтік науқандарға талдау жүргізу<br>2. Маркетингтік деректерді жинау және өңдеу<br>3. Нарықты, аудиторияны және тұтынушылардың мінез-құлқын талдау<br>4. Талдамалық есептер мен ұсынымдар дайындау |  |
|  | Қосымша еңбек функциялары:  |  |  |
| Еңбек функциясы 1:<br>Маркетингтік науқандарға талдау жүргізу          | Дағды 1:<br>Науқандардың тиімділік көрсеткіштерін талдау  | Машықтар:  | 1. KPI жарнамалық науқандарын (CTR, CPC, CPA, ROI) талдау;<br>2. Нақты нәтижелерді жоспарлы нәтижелермен салыстыруды жүргізу;<br>3. Тиімділікке әсер ететін факторларды анықтау;<br>4. Талдамалық тұжырымдар мен ұсынымдарды қалыптастыру. |
|  |   | Білімдер:  | 1. Маркетинг тиімділігінің түйінді көрсеткіштері;<br>2. Жарнамалық және сандық науқандарды талдау әдістері;<br>3. Медиа жоспарлау қағидаттары;<br>4. Performance-талдама негіздері.  |
|  |   | Талап етілмейді  |  |
|  | Дағдыны тану мүмкіндігі:  | Талап етілмейді  |  |
|  | Дағды 2:<br>Жарнамалық арналарды талдау   | Машықтар:  | 1. Түрлі байланыс арналарының тиімділігін салыстыру;<br>2. A / B тестілеуін өткізу;<br>3. "Қиындықтарды" және жоғалту нүктелерін анықтау;<br>4. Арналарды оңтайландыру бойынша ұсыныстар қалыптастыру.                                     |
|  |   | Білімдер:  | 1. Салыстырмалы талдау әдістері;<br>2. Сандық арналармен жұмыс істеу құралдары;<br>3. Жарнамалық платформаларды бағалау өлшемшарттары;<br>4. Кросс-арна талдамасының негіздері.  |
| Талап етілмейді  |   |  |  |
| Дағдыны тану мүмкіндігі:   | Талап етілмейді   |  |  |
| Еңбек функциясы 2:<br>Маркетингтік деректерді жинау және өңдеу         | Дағды 1:<br>Талдама үшін деректер жинау   | Машықтар:  | 1. CRM, BI жүйелерінен, жарнама кабинеттерінен деректерді жинау;<br>2. Ақпараттың дұрыстығы мен толықтығын тексеру;<br>3. Кейіннен өңдеу үшін деректерді құрылымдау;<br>4. Әртүрлі көздерден алынған деректерді біріктіру.                 |
|  |   |  |  |

|  |   |  |
|--|---|--|
|  |   | Білімдер:<br>1. Маркетингтік ақпарат көздері;<br>2. Деректер массивтерін қалыптастыру қағидалары;<br>3. Деректерді алдын ала тексеру әдістері;<br>3. Көрсеткіштерді жіктеу қағидаттары.  |
|  | Дағдыны тану мүмкіндігі:                                | Талап етілмейді  |
|  | Дағды 2:<br>Деректерді өңдеу және құрылымдау            | Машықтар:<br>1. Жиынтық кестелерді қалыптастыру;<br>2. Талдау құралдарын (Excel, Power BI) пайдалану;<br>3. Графиктер мен деректер кесінділерін жасау;<br>4. Бастапқы статистикалық өңдеуді жүргізу.<br><br>Білімдер:<br>1. Статистика және деректер массивтерін өңдеу негіздері;<br>2. Талдамалық ақпаратты визуализациялау әдістері;<br>4. Талдамалық мәліметтер жиынтығын дайындау қағидалары.                                  |
|  | Дағдыны тану мүмкіндігі:                                | Талап етілмейді  |
| Еңбек функциясы 3:<br>Нарықты, аудиторияны және тұтынушылардың мінез-құлқын талдау | Дағды 1:<br>Аудиторияны сегменттеу және бейіндеу        | Машықтар:<br>1. Аудиторияны әлеуметтік және мінез-құлық сегменттеріне бөлу;<br>2. Клиенттік портреттерді қалыптастыру;<br>3. Мінез-құлықтың негізгі заңдылықтарын анықтау;<br>4. Тұтынушылардың қалауының өзгеруін бағалау.<br><br>Білімдер:<br>1. Нарықты сегменттеу әдістері;<br>2. Тұтынушылық мінез-құлық модельдері;<br>3. ОА профильдерін құру тәсілдері;<br>4. Сұранысты бағалау әдістері.                                  |
|  | Дағдыны тану мүмкіндігі:                                | Талап етілмейді  |
|  | Дағды 2:<br>Бәсекелестер мен нарықтық үрдістерді талдау | Машықтар:<br>1. Бәсекелестердің белсенділігін зерделеу;<br>2. Олардың ұсыныстары мен байланыстарын салыстыру;<br>3. Сату динамикасы мен нарықтық көрсеткіштерді талдау;<br>4. Нарықтың даму үрдістерін анықтау.<br><br>Білімдер:<br>1. Бәсекелестік талдау әдістері;<br>2. Нарықтық талдама қағидаттары;<br>3. Нарықты сипаттайтын көрсеткіштер;<br>4. Болжамдық бағалау негіздері.  |
|  | Дағдыны тану мүмкіндігі:                                | Талап етілмейді  |
| Еңбек функциясы 4:<br>Талдамалық есептер мен ұсынымдар дайындау                    | Дағды 1:<br>Талдамалық ұсыныстарды өзірлеу              | Машықтар:<br>1. Талдамалық есептер мен таныстырылымдар жасау;<br>2. Деректерді визуализациялау (графиктер, диаграммалар);<br>3. Талдау нәтижелерін басшылыққа беру;<br>4. Қысқаша тұжырымдар мен тезистер қалыптастыру.<br><br>Білімдер:<br>1. Талдамалық есептілік стандарттары;<br>2. Ақпаратты визуализациялау және таныстыру әдістері;<br>3. Іскери материалдарды дайындау қағидалары;<br>4. Таныстыру талдамасының құралдары. |
|  | Дағдыны тану мүмкіндігі:                                | Талап етілмейді  |

|   |   |  |             |
|---|---|--|-------------|
|   | Дағды 2:<br>Талдамалық ұсыныстарды<br>өзірлеу   | Машықтар:  |             |
|   |   | 1. Науқанды жақсарту бойынша ұсынымдарды тұжырымдау;<br>2. Ұсынылған өзгерістердің салдарын бағалау;<br>3. Бюджетті оңтайландыру нұсқаларын дайындау;<br>4. Жарнамалық арналар бойынша ұсынымдар беру. |             |
|   |   | Білімдер:  |             |
|   |   | 1. Маркетингтік шешімдерді оңтайландыру әдістері;<br>2. KPI құру қағидаттары;<br>3. Маркетингтік іс-шараларды жоспарлау негіздері;<br>4. Тәуекелдерді талдау тәсілдері.                                |             |
|   | Дағдыны тану мүмкіндігі:  | Талап етілмейді  |             |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:                                     | Жауапкершілік<br>Күйзеліске тұрақтылық<br>Мақсаткерлік<br>Тәртіптілік<br>Парасаттылық   |  |             |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:                 |   |  |             |
| СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:                             | СБШ-нің деңгейі:  | Кәсіптің атауы:  |             |
| 10. Кәсіптің карточкасы «Маркетолог»:                                     |   |  |             |
| Топтың коды:  | 2431-1  |  |             |
| Қызмет атауының коды:   | 2431-1-004  |  |             |
| Кәсіптің атауы:   | Маркетолог  |  |             |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі:   | 4   |  |             |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:                                      |   |  |             |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:    |   |  |             |
| Кәсіптік білім деңгейі:   | Білім деңгейі:<br>ТЖКБ (орта деңгейдегі маман)  | Мамандық:<br>Маркетинг (салалар бойынша)   | Біліктілік: |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:                                    |   |  |             |
| Формалды емес және информалы біліммен байланыс:                           | Қосымша кәсіби білім ұсынылады: - қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстары; - модульдік қайта даярлау бағдарламалары.   |  |             |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:  | 2431-1-005 - Маркетинг жөніндегі маман<br>2431-1-007 - Бағалық маркетингтік зерттеу жөніндегі маман<br>2431-1-003 - Маркетинг жөніндегі консультант<br>3322-2-001 - Сату жөніндегі агент  |  |             |
| Қызметтің негізгі мақсаты:  | Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді ілгерілетуге, компанияның оң имиджін қалыптастыруға, бренд туралы хабардарлықты арттыруға, сұранысты ынталандыруға және сатылымның өсуін қамтамасыз етуге бағытталған маркетингтік іс-шараларды өзірлеу және іске асыру |  |             |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы   |   |  |             |
| Еңбек функцияларының тізбесі:   | Міндетті еңбек функциялары:   | 1. Маркетингтік зерттеулер жүргізу және нарықты талдау<br>2. Маркетингтік іс-шараларды өзірлеу және іске асыру<br>3. Талдамалық есептілікті дайындау және маркетингтік шешімдердің тиімділігін бағалау |             |
|   | Қосымша еңбек функциялары:  |  |             |
| Еңбек функциясы 1:<br>Маркетингтік зерттеулер жүргізу және нарықты талдау |   |  |             |

|   |   |   |
|---|---|---|
|   | <p>Дағды 1:<br/>Нарық, бәсекелестер және мақсатты аудитория туралы ақпаратты жинау және жүйелеу</p> | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ашық көздерден, статистикалық базалардан, CRM және сауалнамалардан деректерді жинау;</li> <li>2. Ақпараттың сенімділігі мен өзектілігін талдау;</li> <li>3. Талдамалық кестелер мен қысқаша есептер қалыптастыру.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сандық және сапалық зерттеу әдістері;</li> <li>2. Бәсекелес ортаны талдау қағидаттары;</li> <li>3. Статистикалық деректерді өңдеу негіздері.</li> </ol>  |
|   | Дағдыны тану мүмкіндігі:  | Талап етілмейді   |
|   | <p>Дағды 2:<br/>Тұтынушылардың мінез-құлқы мен сұраныс үрдістерін талдау</p>                        | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сатып алушылардың қалауы мен уәждемесін анықтау;</li> <li>2. Мақсатты сегменттерді және олардың сипаттамаларын айқындау;</li> <li>3. Сату динамикасы мен маусымдылығын бағалау.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Нарықты сегменттеу және позициялау қағидаттары;</li> <li>2. Тұтынушылардың мінез-құлқын зерделеу әдістері;</li> <li>3. Сұранысқа әсер ететін факторлар.</li> </ol>                         |
|   | Дағдыны тану мүмкіндігі:  | Талап етілмейді   |
| Еңбек функциясы 2:<br>Маркетингтік іс-шараларды әзірлеу және іске асыру                                 | <p>Дағды 1:<br/>Маркетингтік әрекеттер мен коммуникацияларды жоспарлау</p>                          | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жарнамалық, PR және digital науқандарының жоспарларын әзірлеу;</li> <li>2. Нысаналы ілгерілету арналарын айқындау;</li> <li>3. Мақсаттар мен тиімділік өлшемшарттарын (KPI) тұжырымдау.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Маркетингтік стратегияларды жоспарлау негіздері;</li> <li>2. Ілгерілету және коммуникация құралдары;</li> <li>3. Бренд имиджін қалыптастыру қағидаттары.</li> </ol>                |
|   | Дағдыны тану мүмкіндігі:  | Талап етілмейді   |
|   | <p>Дағды 2:<br/>Маркетингтік іс-шараларды іске асыру және үйлестіру</p>                             | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жарнамалық және PR-акциялар өткізуді ұйымдастыру;</li> <li>2. Мердігерлермен және БАҚ-пен өзара іс-қимыл;</li> <li>3. Орындау мерзімдерін, бюджетін және сапасын бақылау.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Маркетингтік жобаларды ұйымдастыру негіздері;</li> <li>2. Науқандардың тиімділігін бағалау әдістері;</li> <li>3. Мердігерлермен және тапсырыс берушілермен өзара іс-қимыл қағидалары.</li> </ol> |
|   | Дағдыны тану мүмкіндігі:  | Талап етілмейді   |
| Еңбек функциясы 3:<br>Талдамалық есептілікті дайындау және маркетингтік шешімдердің тиімділігін бағалау | <p>Дағды 1:<br/>Талдамалық есептер мен презентациялар дайындау</p>                                  | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Маркетингтік іс-шаралар бойынша есептер мен талдамалық қорытындыларды қалыптастыру;</li> <li>2. Кестелердегі, графиктердегі және презентациялардағы деректерді визуализациялау;</li> <li>3. Талдау нәтижелерін басшылыққа ұсыну.</li> </ol>  |
|   |   |   |

|   |   |  |
|---|---|--|
|   |   | Білімдер:<br>1. Басқарушылық есептіліктің негіздері;<br>2. Деректерді визуализациялау және түсіндіру қағидаттары;<br>3. Сандық талдау құралдары (Excel, Power BI).   |
|   | Дағдыны тану мүмкіндігі:  | Талап етілмейді  |
|   | Дағды 2:<br>Маркетингтік іс-шаралардың нәтижелілігін талдау және бағалау              | Машықтар:<br>1. ROI, LTV, САС көрсеткіштерін есептеу және сату динамикасын талдау;<br>2. Табысты және тиімсіз жарнамалық арналарды анықтау;<br>3. Маркетингтік стратегияларды оңтайландыру бойынша ұсынымдар дайындау. |
|   |   | Білімдер:<br>1. Маркетингтік қызметтің тиімділігін бағалау әдістері;<br>2. KPI және талдамалық модельдерді құру қағидаттары;<br>3. Жарнамалық шығыстарды оңтайландыру тәсілдері.                                       |
|   | Дағдыны тану мүмкіндігі:  | Талап етілмейді  |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:                     | Жауапкершілік<br>Күйзеліске тұрақтылық<br>Мақсаткерлік<br>Тәртіптілік<br>Парасаттылық |  |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: |   |  |
| СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:             | СБШ-нің деңгейі:  | Кәсіптің атауы:  |
|   |   |  |

#### 4-ші тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

19. Мемлекеттік органның атауы:

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі

Орындаушы:

Рахметова Ақерке Байғалиқызы, +7 (777) 101 10 70, a.rakhmetova@mti.gov.kz

20. Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):

«QazTrade» Сауда саясатын дамыту орталығы» Акционерлік қоғамы

Жоба жетекшісі:

А. Абдрашов

Телефон нөмірі: +7 (702) 830 06 30

Орындаушылар:

А. Жалмахамбетова, +7 (702) 702 97 97,

21. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 3, 25.11.2025 г.

22. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 30.12.2025 г.

23. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: 23.12.2025 г.

24. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: Нұсқа 1, 2029 г.

25. Болжамды қайта қарау күні: 31.12.2029 г.